

Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 ақпандағы № 17299 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 ақпанда № 8142 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қалалық коммуналдық меншіктегі ұйымды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 11167 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6305 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкісінде 2018 жылғы 5 маусымда жарияланған);

2) "Қалалық коммуналдық меншіктегі ұйымды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 мамырдағы № 11167 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 16173 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7649 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 23 қыркүйекте жарияланған).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Налибаев